

Еңбек өнімділігін есептеу әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 129 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 қыркүйекте № 15809 болып тіркелді.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабы 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағы 258) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Коса беріліп отырған Еңбек өнімділігін есептеу әдістемесі бекітілсін.
2. "Еңбек өнімділігін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 214 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12912 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Құрылымдық статистика басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

- 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

- 3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

- 4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Құрылымдық статистика басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне және

аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылықта алу және пайдалану үшін жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасарына (Г.М. Керімханова) жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің
төрағасы

H. Айдапкелов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2017 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 129 бұйрығымен бекітілді

Еңбек өнімділігін есептеу әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Еңбек өнімділігін есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына (бұдан әрі – Зан) сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

2. Осы Әдістемені Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті еңбек өнімділігін есептеуді жүргізу кезінде қолданады.

3. Осы Әдістемеде келесі анықтамалар пайдаланылады:

1) аралық тұтыну – есепті кезеңде тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісіне шығындар ретінде өндіріс процесінде түрленетін немесе толық тұтынылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер құны.

2) еңбек өнімділігі – пайдаланылатын ресурстар бірлігіне есептегендеге өнім шығарылымын сипаттайтын, өндіріс көлемі мен еңбек ресурстары шығындарының арақатынасын білдіретін өндіріс тиімділігінің көрсеткіші.

3) жалпы қосылған құн (ЖҚҚ) – өндірістік қызметтің түпкілікті нәтижесі және осы өндірістік процестегі өңдеумен қосылған құндылықты білдіреді. Салалар деңгейінде тауарлар және көрсетілетін қызметтер шығарылымы мен аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде есептеледі, өндіріс процесінде тұтынылған негізгі капиталдың құнын қамтиды.

4) жұмыспен өтелген адам-сағаттарының саны – кәсіпорынның барлық қызметкерлерімен жұмыс кезеңі ішіндегі, сондай-ақ мерзімінен тыс жұмыс істеген уақытында нақты жұмыспен өтелген уақыты.

2-тaraу. Еңбек өнімділігін есептеуге ақпараттың дереккөздері және негізгі тәсілдері

4. Өндіріс көлемі (ЖҚҚ) мен еңбек шығынын сипаттайтын көрсеткіштер (жұмыспен қамтылғандар саны, жұмыспен өтелген уақыт) еңбек өнімділігінің негізгі есептеуі болып табылады.

5. Өнімділікті есептеу үшін жалпы мемлекеттік статистикалық байқау бойынша ресми статистикалық деректері ақпарат дереккөздері болып табылады.

6. Жалпы шығарылым тұтастай экономика бойынша және экономикалық қызмет түрлерінің бөлінісінде есептеледі және есепті кезеңде экономикада барлық занды тұлғалар (жұмыспен қамтылғандар санына қарамастан), дара кәсіпкерлер мен үй шаруашылықтары өндірген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жиынтық құнын көрсетеді.

7. Барлық қызмет түрлері бойынша тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің өндірісі бойынша еңбек шығынын бағалау төрт көрсеткіш бойынша жүзеге асырылады:

- 1) жұмыс орындарының саны;
- 2) жұмыспен қамтылғандар саны;
- 3) жұмыспен өтелген уақыт мөлшері;
- 4) толық жұмыспен қамтылу баламасы.

8. Бір жылға есептегендегі жұмыспен өтелген уақыт мөлшері Қазақстан Республикасында (өнірлерде) тауарлар мен көрсетілетін қызметтер (меншікті пайдалану үшін ауыл, орман шаруашылығы, аңшылық және балық аулау өнімдерін өндіруді қоса алғанда) өндірісі бойынша нақты жұмыспен өтелген адам-сағаттар санын сипаттайды және әрбір жұмыс түрі бойынша жұмыс орындарының санын бір жұмыс орнына келетін орташа нақты жұмыс уақытына көбейту арқылы есептеледі.

9. Еңбек өнімділігі ретінде бір жұмыспен қамтылғанға есептегендегі ЖҚҚ пайдаланылады.

10. Еңбек өнімділігі саланың ЖҚҚ жұмыспен қамтылғандар санына қатынасы ретінде есептеледі. Бөлгіште мақсаттарына қарай еңбек шығынының көрсеткіші - жұмыспен өтелген сағаттар саны пайдаланылады және еңбек өнімділігі бір жұмыспен қамтылғанға емес, жұмыспен өтелген сағатқа есептеледі.

11. Еңбек өнімділігі жыл сайын және тоқсан сайын (кумулятивтік негізінде) экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде есептеледі.

Еңбек өнімділігі (мың теңге/адам) келесі формула бойынша есептеледі:

$$P_j = GVA / E ,$$

Мұндағы:

P_j

– еңбек өнімділігі (мың теңге/адам);

GVA

– экономикалық қызмет түрлері бойынша ЖҚҚ (миллион теңге);

E – жұмыспен қамтылған халық саны (адам).

Жұмыспен қамтылған халықтың санына жалдамалы қызметкерлер, өзін өзі жұмыспен қамтығандар енгізілген.

12. Бір жұмыспен қамтылғанға еңбек өнімділігінің өлшем бірлігін АҚШ долларына аудару Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кезеңге орташа айырбас бағамын қолданумен жүзеге асырылады.

13. Еңбек өнімділігі индексін есептеу.

Еңбек өнімділігінің өзгерісін сипаттайтын көрсеткіштерді есептеу үшін еңбек өнімділігінің индексі есептеледі.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша тұластай экономика және өндірлер бойынша еңбек өнімділігі индексін есептеу үшін келесі формула пайдаланылады:

$$I_p = \frac{I_{GVA_t}}{(L_t / L_{t-1})},$$

Мұндағы:

I_p

– еңбек өнімділігінің индексі (%);

I_{GVA_t}

– есепті кезеңдегі экономикалық қызмет түрлері бойынша ЖҚҚ нақты көлем индексі (%);

L_t

– есепті кезеңдегі экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылғандар саны (адам);

L_{t-1}

– өткен жылғы тиісті кезеңге экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылғандар саны (адам).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК